

Мырзағұл Ж.Ұ.
**Араб көктемiнiң Ливанның
саяси өмiрiне әсерi**

2011 жылы араб елдерiнде өткен саяси қозғалыстар билiк жүйесiнде бiрқатар өзгерiстер әкелдi. Толқулардың кең етек алып үлкен көтерiлiстерге ұласуы Ливанның саяси өмiрiне де үлкен әсерiн тигiзiп, билiк жүйесiнде түрлi өзгерiстерге әкелуi қозғалыстардың қаншалықты салмақты болғандығын көрсетедi. Мақаланың мақсаты – Солтүстiк Африка және Таяу Шығыс аймақтарында орналасқан араб елдерiндегi әлеуметтiк толқулардың Ливанның саяси өмiрiне тiкелей тигiзген әсерiн ашып көрсету.

Түйiн сөздер: «араб көктемi», әлеуметтiк жағдай, саяси өмiр, араб елдерi, партия.

Myrzagul Zh.U.
**Influence of Arab Spring (2011)
on Lebanon political life**

In the article is considered the impact of Arab Spring 2011 on the political life of Livan. It is analyzed the ethno-confessional system and the internal political situation in the country and the role of the party "Hezbollah".

Key words: «the Arab spring», reasons, consequences, Arabic countries, party.

Мырзағұл Ж.Ұ.
**Влияние арабской весны на
политическую жизнь Ливана**

В статье рассматривается влияние арабской весны на политическую жизнь Ливана. Анализируется ход событий и описывается политическая роль партии «Хезболла».

Ключевые слова: «арабская весна», социальное положение, политическая жизнь, арабские страны, партия.

АРАБ КӨКТЕМІНІҢ ЛИВАННЫҢ САЯСИ ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада 2010 жылдың желтоқсанынан басталған үкіметке қарсы өткен шерулер мен наразылықтар Ливанды да шарпып өтті.

Ливандағы саяси-әлеуметтік шиеленіс, ең алдымен, Солтүстік Африка елдерінде 2011 жылдың басында орын алған оқиғалардан әсер алды. Араб әлемінде бірыңғай медиакеңістік орнауы нәтижесінде кез келген адам Тунисте және Мысырда болып жатқан шерулерді еркін қарауға мүмкіндік алды [1].

Араб көктемінде болған өзекті саяси-әлеуметтік толғаныстар Ливан мәселесінде бірнеше жылдар бойы тұрған сұрақтарды қайта көтерді.

2011 жылы 27 ақпанда бірнеше жүздеген адамдар Бейруттегі бұрынғы демаркациялық шекара бойымен өтті. Шерушілер елдің саяси жүйесіндегі діни реңкті жоюды талап етті. Дәл осындай талаптармен Баальбекте, Сидонда және Бейрутте 2011 жылы 6 наурызда өтті. Наразылық білдірушілер «сектанттық режимді жоюға» шақырып, мемлекетті зайырлылық қағидат (секулярлы негіз) бойынша құруды сұрады.

Ливандық шерушілердің ұраны Тунис пен Мысырда қолданылған ұранға ұқсас келді – «аш-ша`б йурид`искат ан-низам ат-та`ифийй» («Халық сектанттық режимнің кетуін сұрайды»). Өз кезегінде, Фейсбук әлеуметтік желісінде жиырма мың қатысушылары бар «Ливан халқы саяси конфессионализмнің жойылуын қолдайды» деген қауымдастық ашылды. 1926 жылы қабылданған конституция бойынша, ел конфессионалды жүйе негізіндегі мемлекет болып есептеледі (24 бап Ливан конституциясы).

Ливан саяси жүйесін зайырлылық қағидаты бойынша үйлестіру мәселесі бұрыннан келе жатыр. Қазіргі конституцияның преамбуласында негізгі ұлттық мақсат ретінде конфессионалды жүйені жою көрсетілген. Ливан саяси жүйесі әр түрлі діни және этникалық күштерді босаң баланста ұстау мен ымыраға негізделген. Қоғамның әлеуметтік құрылымына қарай, Ливанда ресми тәуелсіздік алғанға дейін консоциативті жүйе (көпшілік принципі) орнықты. Бұл өз кезегінде билікті бөлуде конфессионалды принципті қажет етті.

Билікті бөлудің конфессионалды принципі екіжақты бекітілгені белгілі: алдымен, 1926 жылы Ливан конституциясында

(95 бап) және 1943 жылы Ұлттық Пактiде. Соңғы құжатқа сәйкес президент дiни басымдылық өкiлi, үкiмет басшысы – мұсылман-суннит, ал парламент спикерi – мұсылман-шиит сайланды. 1932 жылы өткен елдегi соңғы халық санағы христиандардың 52%, ал мұсылмандардың халық санынан 48% екенiн бекiттi, яғни президент болып христиан-маронит сайланды. Сол кезде Ливанды өз мандатында ұстаған Франция үшiн бұл пропорция тиiмдi болды. Алайда, ХХ ғасырдың бiрiншi жартысында құрылған бұл саяси жүйе уақыт өте келе елдегi дiни қауымдардың саяси және әлеуметтiк-экономикалық оқшаулануына әкелдi. Ел iшiнде интеграциялық үрдістер тежелiп, кейiн конфессиялардың ара салмағы өзгеруi жағдайды ушықтырды. Соңғы мәліметтерге сәйкес, (өкiнiшке орай, Ливанда соңғы халық санағы тек 1932 жылы өткiзiлдi, сондықтан ресми мәліметтер жоқ) 1975 жылдың өзiнде-ақ мұсылмандардың үлесi 60%-ға дейiн жеткен. Мұсылман диаспорасының басым бөлiгi – шииттер елдің саяси өмiрiндегi бұрынғы принциппен келiспедi [Исаев, Коротаев. Ливан: Рай на Вулкане], бұл жоғарыда айтып өткен Ливандағы азаматтық соғысқа әкелдi (1975-1990 жж.). 1989 жылғы Таиф келiсiмiнде конфессионалды жүйенi жою ұлттық мақсат деп көрсетiлдi, себебi, мемлекеттiк билiк органдарының сапасыз жұмыс iстеуiнiң мәселесi жүйенiң тиiмсiздiгiнде (The Taef Agreement 1989). Алайда, әлi де өзгерiстер орын алмады.

Кейбiр мәліметтерге сәйкес, Ливанның 3,5 млн халқының тек 700 мың тұрғыны елдегi үшiншi дiни күш марониттер. Қазiргi заман реалиясында бұрынғы жүйеге марониттер сүйенсе, мұсылмандар қарсылығын бiлдiредi. Бұл Ливандағы iшкi саяси жағдайды тұрақсыздандырады [2, 202 б.].

Самырсын революциясының кезектi мерейтойында 2011 жылы 13 наурызда «14 наурыз Альянсы» «Хезболлахты» қарусыздандыру, 2005 жылғы Самырсын революциясының құндылықтары бағытымен жүру сияқты ұрандарымен өзiнiң жақтаушыларын ливан қалалары көшелерiне шығарды. Ливан мәселесiнiң тағы бiр өзектiлiгi осында. 1982 жылы израиль басқыншылығына қарсы күрес кезiнде «Хезболлах» тек әскери топ ретiнде шықты. Айта кететiн жайт, бұл күрес нәтижелi болды. 2000 жылы дәл осы «Хезболлахтың» арқасында Оңтүстiк Ливан оккупациясы тоқтатылды. Алайда, 1990 жылдардан бастап, «Хезболлах» әскери топтан саяси ұйымға айналды. Ұйым көшбасшылары диверсиялы-террористiк әдiстерден бас тартып,

оңтүстiктегi әскери белсендiлiгiн сәл төмендеттi. «Хезболлах» iшiнде радикалдар мен ұстамды топтар ымыраға келiп, «Амаль» партиясымен бiтiмге келдi және парламент сайлауларына қызу дайындық басталды [3].

Ливан қоғамында наразылықтардың тағы бiр себебi – Арнайы Ливан Трибуналы (АЛТ) «Хезболлах» 4 мүшесiнiң 2004 жылы 30 маусымда Рафик Харири өлiмiн дайындады деген шешiмi. 2011 жылы АЛТ Ливан бас прокурорына айыптау актiн жiберiп, төрт мүшесiнiң тұтқынға алуы жайлы иелiк қағазын ұсынды: Салим Джамиль Айаш, Мустафа Амин Бадреддин, Хусейн Хасан Онайси и Асад Хасан Сабра (Special tribunal for Lebanon 2011). Олардың барлығы «Хезболлахқа» тiкелей байланысқа ие: екеуi терактiнi дайындаса, Мустафа Бадреддин – партияның негiзiн қалаушылардың бiрi Имада Мугнийаның өгей ағасы [4, 203 б.].

АЛТ-ның шешiмiне жауап ретiнде «8 наурыз Альянсы» 2009 жылғы қарашадан берi премьер-министр болып келген Саад Хариридi қызметтен кетуiн талап еттi, бiрақ, премьер бұл қадамға бармады. Осыған байланысты, 11 министр өз орындарын босатты. Ал, Ливан конституциясының 1 бөлiмi 69 бабына сәйкес, министрлер кеңесi мүшелерiнiң 3\1 бөлiгiнен айырылу тiкелей үкiметтiң босатылуына әкеледi [5].

Алайда, министрлер кабинетi ауысқанымен, Арнайы Ливан Трибуналы бойынша мәселе ливан саясатының iргетасы болып қалды. 2011 жылы сайланған Наджиб Микати екi оттың ортасында тұрды: бiр жағынан АЛТ-мен толық байланысты үзуге мүмкiндiк болмады (себебi, 14 наурыз Альянсы наразылығын бiлдiрдi), екiншi жағынан, трибуналмен қарым-қатынастарды жалғастыру «Хезболлахтың» наразылығын тудырып, жаңа саяси дағдарысқа әкелуi мүмкiн едi.

Екi альянстың мүдделерiн қарастыра отырып, Микати просириялық сыртқы саясатты жүргiзiп, «8 наурызбен» байланысын үзбедi. Жаңа үкiмет құрамы самырсын революциясы алдындағы кезеңге әкелдi, яғни, Сирияның iшкi ливан iстерiне максималды әсерiнiң болуы. Башар аль-Асад осы құрамды қолдап, премьер-министрдi бiрiншi болып жаңа қызметiмен құттықтады. Ал, Ливан болса, Араб елдерi Лигасында Сирияға қатысты санкцияларды енгiзу мәселесiнде қарсылығын бiлдiрiп, БҰҰ-ға да қолдауын көрсеттi. Алайда, дәл осы Сириядағы жағдайдың ушығуы Ливанның саяси және әлеуметтiк тұрақтылығына әсер еттi. Әсiресе, Ливан солтүстiгiндегi Триполи қаласындағы алауит-

тер мен сунниттер арасындағы қақтығыстар. Екі діни қауымдар арасындағы күрес Осман империясынан басталады. Триполи Ливанның екінші үлкен қаласы (500 мың адам), ал Баб аль-Таббанех сунниттер мен ливандық салафиттердің шоғырланған жері. Алауиттер Джабаль Мохсен мен Аккар ауданында 60 мыңға жуық адам тұрады. 2011 жылы 17 маусымда жұма намазынан кейін, сунниттер Сирияда өткен үкіметке қарсы шерулерді қолдау үшін көшелерге шықты. Бұл алауиттердің наразылығын тудырып, қақтығыс нәтижесінде 7 адам қаза тауып, 20 шақтысы жараланды (Al Jazeera 2011). Триполидағы шиеленістің басты факторларына Сирия Баниас пен Талкалах аудандарының жақындығы; Ливанның солтүстігіне мыңдаған сириялықтардың келуі; Триполиде аль-Асад режиміне қарсы шыққан бірнеше исламистік топтардың болуын айтамыз [4, 208 б.].

Жарты жылдан кейін 2012 жылы 10-11 ақпанда қақтығыс қайталанды. Оның себебі, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Сирия бойынша кезекті резолюциясы [Al Jazeera 2012]. 2012 жылы мамырда қақтығыс созылып кетіп, Ливан қарулы күштерінің араласуын қажет етті.

Осылайша, Ливандағы 2011-2012 жж. болған оқиғаны келесі себептермен талқылауға болады.

2011 жылғы араб көктемі Ливанға тек кейбір салаларымен әсерін тигізді. Халықтың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуының анализі Ливанда Араб көктеміне душар болған басқа елдермен салыстырғанда, сол кезеңдегі тығырықтан аман-есен шыққандығына көз жеткіздіре алады.

Ливанға жеткен бұл Араб көктемі жаңа саяси қиындықтарды тудырмай, негізінен тек елдегі сол кезге дейінгі бар болған маңызды саяси сұрақтарға халықтың көзін аштыра алды.

2005 жылғы болған Самырсын революциясынан кейінгі тынышталған, бірақ кейіннен Мысырдағы, Тунис, Ливан мен Сириядағы үкіметке қарсы шыққан үгіттеушілік қимылдар ливандық халыққа оның азаматтық белсенділігін арттыруға жігер берді.

Араб көктемінің барысында өзекті Ливанның саяси мәселелері келесі бағытта дамыды. Біріншіден, алдыңғы елдегі болған премьер-министр Рафик Хариридің өліміне байланысты шақырылған Хезболлах пен Ливандағы Арнаулы Трибуналдың арасындағы шиеленіс. Дәл осы бірнеше айға созылған Хезболлахтың қолдауымен жалғасқан толқулар, 2010-2011 жж. трибуналдың жағынан түскен келесі айыптарға қарамастан жалғасын тауып, нәтижесінде 11 оппозициялық

министрлердің жұмысынан босатылуы мен елдегі дағдарысқа алып келді.

Харири кабинеті, АЛТ-мен қарым-қатынасты жоюға бағытталған жедел мәжілісті өткізуге бас тартып, Мишел Сүлейманның басшылығымен босатылды.

Екіншіден, Хезболлахтың қарусыздануының қажеттілігі. 1980 ж. басында құрылған Хезболлах кеңесінің ең бастапқы міндеті- израилдік оккупацияға қарсы бағытталған қозғалыс ретінде болу, екіншіден- болашақта осыған ұқсас оқиғалардың пайда болуына жол бермеу. Шындығында, Хезболлах Израильге қарсы бағдарлама ретінде өз міндеттерін орындай алды, сонымен қосы елдегі бейбітшілік пен ынтымақтастықты сақтай алды.

Алайда, бейбітшілік ортасын сақтау мақсатында соңғы онжалдақтарда қарусыздандыру саясатына байланысты мәселелер онық саяси қарсыластарының жағынан сынға түскен болатын. Әсіресе дәл осы сұрақтармен, талаптармен Альянс тобы өз жақтаушыларын 2011 жылдың 13 наурызында Бейрут көшелеріне шығарды.

Ливандық халықтың арасында түпкі саяси реформаларды қабылдау жөніндегі қажеттілік аса сұранысқа ие болды. Ол өз нәтижесінде, біріншіден саяси құрылымның орнына діни принциптердің негізінде құрылған, ливандық Конституция мен Таифтік келісімдердің талаптарына сай болатын зиялылар қоғамын орнату талабы болды.

«Халық сектанттық режимге қарсы!», – дәл осы ұранмен қарсыластық тобы 27 ақпанда 2011 жылы Бейруттағы ескі демаркациондық жолдарға шықты. 2011 жылдың наурызында мұндай қарсылықтар Баальбек, Дору и Сидон, және басқа да аймақтарда да пайда болып, Ливандағы қарсыласушы топтардың қатарын кеңейтті. Алайда айта кетер жайт, XX ғасырда пайда болып, заманауи саяси шындыққа сәйкес келмейтін Ливанның бұл ескірген конфессионалдық жүйесі елдегі саяси тұрақтылығына қауіп-қатер тигізеді. Ол өз кезегінде елдегі өмір сүретін әр-түрлі діни топтардың арасына арандатушылықтар тудыруы мүмкін.

Сириялық фактор. 1943 жылдан, тәуелсіздігін алғаннан бері Ливан Сирия мемлекетінің аса назарына түсті. Екі мемлекеттің арасында сөзсіз байланыс пайда болды, бұл байланыстың куәсі ретінде Сирия елінің Ливан мемлекетіндегі болған азаматтық қозғалыстарды тыныштандыруға бағыттау кезеңіндегі көрсеткен көмегі бола алады [4, 210.].

Таиф келiсiмiнiң шарты бойынша Сирия мемлекетiнiң әскерлерi заңды түрде Ливан мемлекетiнiң жерiнде болуына заңды рұқсат берiлген, және 2005 жылғы болған Самырсын революциясының нәтижесiнде де, 2005 жылы болған сайлаудан кейiн де Ливан Сирияның әсерiнiң астында болды [4, 210 б.].

Ливандық саяси күштер сыртқы саяси бағыттарына байланысты бiрнеше блоктарға бөлiне бастады. Сирия Ливанның iшкi саясатына әскерлерiнен бөлек, бiрiншiден – «Амаль» мен «Хезболлах» бағдарламасына бағынған ескi шииттiк жетекшiлерiнiң көмегiмен әсер ете алды Алайда, Р. Хариридiң өмiрден озуына байланыс-

ты құрылған антисириялық топтар да өз күшiн жоғалта қоймаған едi [4, 211 б.].

Осылай бола тұра, Сиридағы саяси-әлеуметтiк қиыншылықтар, әсiресе конфессиналдық негiздегi, екi мемлекет арасындағы пайда болған тығыз байланыстың арқасында, Ливандағы дiнаралық қозғалыстардың туындауына себеп болды. Оған мысал ретiнде Триполидағы сунниттер мен алавиттердiң арасындағы шексiз қақтығыстарды атауға болады. Қорытындылай келе, Ливанның бейбiтшiлiгi көршi Сириядағы қалыптасып жатқан саяси мәселелерге тiкелей байланысты екендiгiн аңғаруға болады [4, 211 б.].

Әдебиеттер

- 1 Исаев Л. М., Шишкина А. Р. 2012а. Египетская смута XXI века. – М.: Либроком; Исаев Л. М., Шишкина А. Р. 2012б. Сирия и Йемен: неоконченные революции. – М.: Либроком/URSS.
- 2 Исаев, Коротаев. Ливан: Рай на Вулкане, 2008.
- 3 Сапронова. Высшие органы государственной власти арабских республик. – М.: Восток-Запад, 2007.
- 4 Ахмедов В. М. 2011. Ливанская «Хизбалла»: история, политика, идеология. Часть 1. Новое восточное обозрение. 04.11.2011.

References

- 1 Isaev L. M., Shishkina A. R. 2012a. Egipetskaja smuta XXI veka. – M.: Librokom; Isaev L. M., Shishkina A. R. 2012b. Siriya i Jemen: neokonchennye revoljucii. – M.: Librokom/URSS.
- 2 Isaev, Korotaev. Livan: Raj na Vulkane, 2008.
- 3 Sapronova. Vysshie organy gosudarstvennoj vlasti arabskih respublik. – M.: Vostok-Zapad, 2007.
- 4 Ahmedov V.M. 2011. Livanskaja «Hizballa»: istorija, politika, ideologija. Chast' 1. Novee vostochnoe obozrenie. 04.11.2011.